

**КӨКӨНІС ЖӘНЕ КАРТОП ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ**

**VEGETABLE AND POTATO GROWING IN KAZAKHSTAN AS THE MAIN DIRECTION
OF AGRICULTURAL PRODUCTION**

**ОВОЩЕВОДСТВО И КАРТОФЕЛЕВОДСТВО КАЗАХСТАНА
КАК ОСНОВНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА**

С.Т. ЖҰМАШЕВА^{1*}

э.ф.к., доцент

Ш.М. КАНТАРБАЕВА²

э.ф.д., доцент

С.С. ШИНТАЕВА³

Ph.D докторанты

¹Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

²Нархозуниверситеті, Алматы, Қазақстан

³«Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан;

*автордың электрондық поштасы: torehanoba@mail.ru

S.T. ZHUMASHEVA^{1*}

C.E.Sc.Associated Professor

SH.M. KANTARBAEVA²

Dr.E.Sc., Associated Professor

S.S. SHINTAEVA³

Ph.D student

¹Kazakh Research Institute of Economy of Agro-Industrial Complex and Rural Development, Almaty, Kazakhstan

²Narхоз University, Almaty, Kazakhstan

³«Turan-Astana» University, Astana, Kazakhstan

*corresponding author e-mail: torehanoba@mail.ru

S.T. ЖҰМАШЕВА^{1*}

к.э.н., доцент

Ш.М. КАНТАРБАЕВА²

д.э.н., доцент

С.С. ШИНТАЕВА³

Докторант Ph.D

¹Казахский НИИ экономики АПК и развития сельских территорий, Алматы, Казахстан

² Университет Нархоз, Алматы, Казахстан;

³ Университет «Тұран-Астана», Астана, Казахстан

*электронная почта автора: torehanoba@mail.ru

Аңдатпа. Мақсаты – картоп пен көкөніс шаруашылығының дамуын және олардың отандық және аймақтық аграрлық нарықтардың жағдайына әсерін бағалау, жақын болашақта жағдайды тұрақтандыру және жақсарту үшін ұсыныстар тұжырымдау. Әдістері – салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық және құрылымдық тәсілдер. Нәтижелері – авторлар азық-түлік қауіпсіздігінің қажетті деңгейіне жету үшін ірі ауылшаруашылық кәсіпорындарында осы өнімдерді өсіру көлемін ұлғайту қажет, бұл тиісті сападағы көкөніс пен картоптың тауарлық өндірісінің өсуіне ықпал ететінін атап өткен. Көкөніс және картоп шаруашылықтарының жай-күйі мен әлеуеті, олардың өңірлік ерекшеліктері, көкөніс нарығын қалыптастыру, көкөніс шаруашылығы саласын ұлттық деңгейде мемлекеттік қолдау қарастырылған. Көкөніс өнімдерін өсіру мен өткізуді реттеу мәселелері талданған, Қазақстан Республикасының субъектілерінде оны тұтыну деңгейі және оны айқындайтын факторлар көрсетілген. Ашық далада өсірілген картоптың

Жеке көкөніс өнімдері мен картоптың жетіспеушілігі оны жақын және алыс шет елдерден импорттау есебінен жабылады, бірақ кіретін өнімдер әрдайым нитраттардың, пестицидтердің және басқа да зиянды элементтердің құрамында тиісті сапада бола бермейді, бұл халықтың денсаулығына зиян тигізуі мүмкін. Жағдайды өзгерту үшін, атап айтқанда, көкөністер мен картопты тұтынуды ұсынылған физиологиялық тұтыну деңгейіне дейін арттыру керек, сонымен бірге халықты пайдалы, сапалы өнімдермен қамтамасыз ету қажет.

Әдебиетке шолу

Көкөніс нарығының теориялық негізде-рін зерттеуіміз оны нарық жүйесінің көптеген элементтерін (сұраныс, ұсыныс, баға, бәсеке) қамтитын күрделі құрылымдық механизм ретінде сипаттауға мүмкіндік берді. Бұл көзқарас шетелдік зерттеушілер (Солдатенко А.В., Пивоваров В.Ф., Разин А.Ф. және т.б.; Пивоваров В.Ф., Солдатенко А.В., Пышная О.Н. және т.б.; Солдатенко А.В., Пивоваров В.Ф., Разин А.Ф. және т.б.) [4,5,6] еңбектерінде көрініс тапқан.

Ғалымдар Королькова А.П., Кузнецова Н.А., Заводио О.В. және т.б. [7] ғылыми еңбектері ауыл шаруашылығы мен ашық жердегі көкөніс шаруашылығы нарығының тұрақты даму проблемасының теориялық және әдіснамалық аспектілерін ғылыми зерттеуге арналған. Чутчева Ю., Залтан Е. [8] ғалымдардың зерттеу объектісі: сатушы (дайындаушы) мен сатып алушы (тұтынушы) арасындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Өзара еркін әрекеттесетін өндірушілер мен тұтынушыларды біріктіретін экономикалық жүйе; қажеттіліктерді ескере отырып жүзеге асырылатын дамыған тауар-ақша қатынастары, тұтынушылық тауарларды алу процесінде сұраныс пен ұсыныстың тұрақты өзара әрекеттесуімен экономикалық жүйенің қызмет ету формаларын ғалым еңбектерінде қарастырылған (Киренко Н.) [9].

"Тұрақты даму" ұғымы 1987 жылдан бастап кең таралды. Қоршаған орта және даму жөніндегі халықаралық комиссияның жұмысы арқасында. Тұрақты даму деп комиссия қазіргі заманның қажеттіліктерін қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне нұқсан келтірмейтін дамуды түсінді. Бұл санат 1992 жылы Рио-де-Жанейрода БҰҰ-ның Қоршаған орта және даму жөніндегі саммиті мен конференциясында ғылыми әлемде ресми танылды. А. Аткис-

сон "тұрақты дамуды жүйенің ұзақ уақыт жұмыс істеуін (және дамуын) жалғастыру қабілеті ретінде" анықтайды (Тарасова Н.П.) [10].

Еуропалық комиссияның Агри ауыл шаруашылық дирекциясы келесі анықтаманы бөліп көрсетеді: "тұрақты даму дегеніміз – болашақ ұрпақтың қажеттілігіне қауіп төндірмей, тірі ұрпақтың қажеттілігін қамтамасыз ету – басқаша айтқанда, қазіргі және болашақтағы барлық адамдар үшін өмір сүру сапасы" (Серков А.Ф., Маслова В.В., Чекалин В.С.) [11].

Минаковтың И.А. [12]. пікірінше, көкөніс өнімдерінің төмен өсу қарқыны саланың негізінен импортқа бағытталған инерциялық нұсқа бойынша дамып келе жатқанын көрсетеді.

Алтухов А.И., Папцов А.Г., Шутьков А.А. және т.б. [13]. нарықты басқарудың жалпы принциптерін – тұтынушыға бағдарлану, таңдау еркіндігі, өндіруші еркіндігі, бәсекелестік, жеке мүдделердің басымдығы ретінде пайдаланады. Бондарев Н.С., Бондарева Г.С., Хазиева Е.Е. [14]. еркін индустрия, еркін аймақ, басым даму, өндірістің тұтынушыға бағдарлануы, тәуелсіздік пен еріктілік, тікелей және тең серіктестік қағидаттарын көрсетеді. Ресейлік ғалым Серова А.Ю. [15] жеміс-көкөніс шағын шаруашылықтарды біріктіруде, дамытуда кооперацияның құралы ретінде қолдануды ұсынады. Отандық ғалымдар жеміс-көкөніс өнімдерін сақтау, қайта өңдеу, шикізат және дайын өнімдердің нарықтарының жайкүйін анықтайтын аграрлық саясаттың мақсаттары мен міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, жеміс-көкөніс нарығындағы тұтынушы мен өндірушілердің өзара қарым-қатынасының экономикалық қызығушылықтарына, ауыл шаруашылығы маркетингтік қызметін басқару принциптеріне назар аударуды ұсынады (Акимбекова Г.У., Сапаров А.С., Баймуханов А.Б. және т.б.) [16].

Материалдары мен әдістері

Қазіргі агроэкономика ғылымы зерттелетін материалдың негізділігі мен дәлелділігіне негізделеді және өзіне тән белгілері бар қолданылатын әдістемелер мен әдістермен анықталады.

Зерттеудің ақпараттық-талдамалық базасын мақаланың негізін құраған көкөніс пен картоп шаруашылығын тұрақты дамыту саласындағы кәсіби мерзімдік басылымдарда отандық және шетелдік ғалымдардың жарияланымдары құрайды. Зерттеудің ақпараттық базасы ғылыми ақпараттың құжаттық және электронды көздері болып табылады.

Әдеби дереккөздерді таңдау түйінді сөздерге ақпараттық сұраныс арқылы жүзеге асырылды. Ақпарат көздерін таңдаудың негізгі критерийлері жарияланымның беделі, ұсынылған ақпараттың өзектілігі, толықтығы және сенімділігі болып табылады.

Мақаланы жазуға танымның диалектикалық әдісі мен экономикалық талдау әдісі негіз болды: экономикалық-статистикалық тәсіл, салыстырмалы талдау әдісі және жүйелік-құрылымдық тәсіл қолданылды. Авторлар картоп пен көкөніс шаруашылығының дамуы мен талдауына аймақтық баға берді. Сонымен бірге мақалада монографиялық, есептеу-конструктивті және абстрактілі-логикалық зерттеу әдістері қолданылады.

Нәтижелер

Біздің зерттеуімізге қатысты көкөніс және картоп шаруашылығының тұрақты дамуы бір жағынан көкөніс өнімдері мен картоп өндірісінің тұрақты өсуін, осы өндірістің қоршаған ортаның тез өзгеретін факторларына қарсы тұрақтылығын, ал екінші жағынан тұтынушының қажеттіліктерін қанағаттандыруды, сонымен бірге экологиялық таза, органикалық өнім өндірісін ұлғайту арқылы оның денсаулығын сақтауды білдіреді.

Қазақстанның топырағы-климаттық жағдайы көкөністің әр түрін үлкен көлемде өндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, еліміз ішкі нарықты толық қамтамасыз етіп қана қоймай, көкөніс өнімдерін экспорттауға үлкен мүмкіндіктерге ие. Бұл жердегі Қазақстанның артықшылығы көкөністердің экологиялық тазалығы.

Көкөніс өнімдері нарығының ерекшеліктері. Көкөніс өнімдерінің қазіргі заманғы нарығы тұтастай алғанда елдің аграрлық нарығының бөлігі ретінде тікелей өндірілген өнім арасындағы экономикалық қатынастардың өзара байланысты жүйесі болып табылады (Анализ производства и потребления овощей, состояние тепличной отрасли) [17]. Экономикалық тетікті сыртқы және ішкі ортаның өзгермелі жағдайларына бейімдей отырып көкөніс шаруашылығы

өнімін өндірушілер, қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары, өндірістік және нарықтық инфрақұрылым субъектілері (өнімді сақтау, тасымалдау, сату алдындағы өңдеу-буып-түю, сұрыптау, калибрлеу, тауарларды өндіру, айырбастау, қайта өңдеу және өткізу саласын ұйымдастыру. Оның міндеті – ашық және қорғалған топырақты көкөніс өсіруді біріктіру арқылы қол жеткізілетін халықты көкөністермен жыл бойы үздіксіз қамтамасыз ету. Агроазық-түлік бөлігі ретінде көкөніс өнімдерінің нарығына оның қалыптасуы мен даму процесіне жан-жақты әсер ететін көптеген факторлар әсер етеді.

Көкөніс өнімдерін өндірудің ерекшеліктері осы саланың дамуына, ел өңірлерінде көкөніс дақылдарын орналастыруға, оларды өндіруді ұйымдастыруға және тиімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Бұл ерекшеліктерге мыналар жатады (Аксенов А.А.) [18]:

- көкөніс шаруашылығы биологиялық және экономикалық белгілері бойынша ерекшеленетін бір, екі және көпжылдық дақылдардың көп мөлшерін біріктіреді;

- көкөніс дақылдарының үлкен ассортименті, олардың өсіру технологиялары бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленеді және қарқындылық деңгейіне, әсіресе техникалық жабдықталуы мен капитал сыйымдылығына әсер етеді;

- көкөніс өсіру АӨК-нің ең көп еңбекті қажет ететін салаларының бірі болып табылады, ол жеке дақылдарды өсіру кезінде қол еңбегін тартуды талап етеді;

- жеке көкөніс дақылдарын өсіру технологиялары көшеттерді өсіруді қажет етеді, бұл жылыжайларды және т.б. салуға қосымша шығындармен байланысты;

- өндірілетін өнімнің көп бөлігі тасымалданбайды және тез бұзылады, осыған байланысты логистиканың дамуы қажет.

Еліміздің дамыған елдерден ерекшелігі картоп пен көкөніс өндірісінің басым бөлігі халықтың қол еңбегі басым фермер қожалықтары мен жеке халықшаруашылықтарында шоғырланған (1 кесте).

1 кесте – Картоп және ашық топырақта өсірілген көкөністердің егістік алқабы, га

	Картоп			Ашық топырақта өсірілген көкөністер		
	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2020ж.	2021ж.	2022ж.
Шаруашылықтардың барлық санаттары	194 376,4	195 793,6	199 470,9	163 578,1	168 630,0	170 227,8
Ауылшаруашылығы кәсіпорны	16 850,9	19 983,8	26 015,2	6 826,5	7 736,0	8 058,5
Жеке кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары	71 982,6	70 920 ,5	70 390,7	93 260,7	96 553,4	97 540,9

Халық шаруашылықтары	105 542,7	104 891,7	103 065,0	63490,9	64340,0	64628,4
ҚР жалпы егіс алқабы	22 582 349,5	22 925 720,3	23 162 106,0	22 582 349,5	22 925 720,3	23 162 106,0
ҚР жалпы егіс алқабына пайызбен, %	0,86	0,87	0,86	0,72	0,74	0,74

Ескерту: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері. Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы. 2017-2021 жылдардағы «ҚР ауыл, орман және балық шаруашылығы» статистикалық жинағы, Астана, 2022.; Бюллетень. ҚР ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы түсімі (1том, егістік және жиналған көлемі), 2022ж.

Қазақстанда 2022 жылы шаруашылықтардың барлық санаттары бойынша картоптың егістік алқабы 199,5 мың га құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 2,3%-ға (5,2 мың га) артық. Егіс алқаптарының кеңеюі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 47,3%-ға (9,1 мың га) байқалды.

Картоп егілген алқап бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындары 13%-ын (26,0 мың га) құрады, жеке кәсіпкерлер мен

шаруа (фермер) қожалықтары – 35,1% (70,4 мың га), халық шаруашылықтарында егіс алқаптарының жоғары үлесі сақталуда – 51,9% (103,1 мың га). Облыстар бойынша осы дақылдың егістік көлемін талдай отырып, солтүстіктегі ең жоғары көрсеткіштерді атап өткен жөн – 31,5 мың га (үлес салмағы – 15,8%), Алматы – 26,1 мың га немесе 13,1%, Павлодар – 24,6 мың га немесе 12,4% (2 кесте).

2 кесте – Қазақстан Республикасының облыстары бойынша картоптың егіс алқаптарының динамикасы, 2018-2022 жж., мың га

Облыс	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2022/ 2018, %	Үлес салмағы 2022ж.,%
Қазақстан Республикасы	192,3	192,3	194,4	195,8	199,5	103,1	100,0
Ақмола	15,4	15,2	14,6	15,1	14,7	95,5	7,4
Қостанай	9,7	9,2	9	8,8	9,1	93,8	4,6
Павлодар	17,2	17,9	18,8	20,1	24,6	143,0	12,4
Солтүстік Қазақстан	35,2	33,7	32,7	30,7	31,5	89,5	15,8
Алматы	39,3	39,4	40,3	40,5	26,1	66,4	13,1
Жамбыл	9,7	10,2	11,1	11,4	11,8	121,6	5,9
Жетісу					11,6		5,8
Қызылорда	4,3	4	3,9	3,8	4,1	95,3	2,1
Түркістан	13,9	14,9	15,4	15,3	15,9	114,4	8,0
Ақтөбе	6,3	6,3	6,3	6,4	6,2	98,4	3,1
Атырау	2	2	2	2	2,0	100,0	1,0
Батыс Қазақстан	4,3	4,1	4,2	3,9	4,1	95,3	2,1
Шығыс Қазақстан	19,9	19,5	19,3	19,5	11,8	59,3	5,9
Абай					7,9		4,0
Қарағанды	14,5	15,5	15,8	16,3	16,0	110,3	8,1
Ұлытау					0,7		0,4

Ескерту : ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері. Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы. 2017-2021 жылдардағы «ҚР ауыл, орман және балық шаруашылығы» статистикалық жинағы, Астана, 2022.; Бюллетень. ҚР ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы түсімі (1 том, егістік және жиналған көлемі), 2022ж.

Жүргізіліп жатқан аграрлық саясаттың арқасында 2022 жылы ашық топырақта өсірілген көкөніс дақылдарының егістік алқаптары 2020 жылмен салыстырғанда 6,9 мың гектарға ұлғайып, 170,2 мың гектарды (2020ж. – 163,6 мың га) құрады. Ашық топырақты жерлерде өсірілген көкөністерде аумақты 4,1 пайызға ұлғайту

үрдісі байқалады. Облыс бойынша көкөніс егілген негізгі алқаптар Жамбыл (43,2 мың га), Түркістан (42,7 мың га) және Алматы (33,3 мың га) облыстарында орналасқан. Өз кезегінде көкөніс дақылдарының жалпы түсімі 269,5 мың тоннаға ұлғайды және 2022 жылдың қорытындысы бойынша 4610,2 мың тоннаны құрады (3 кесте).

3 кесте – Картоп және ашық топырақта өсірілген көкөністердің жалпы түсімі, мың тонна

	Картоп				Ашық топырақта өсірілген көкөністер			
	2020ж.	2021ж.	2022ж.	Үлес салмағы 2022ж., %	2020ж.	2021ж.	2022ж.	Үлес салмағы 2022ж., %
Шаруашылықтардың барлық санаттары	4 006,8	4 031,6	4 080,5	100,0	4 340,7	4 512,0	4 610,2	100,0
Ауыл шаруашылығы кәсіпорны	399,5	448,8	588,6	14,4	179,8	197,5	220,1	4,8
Жеке кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары	1497,6	1 510,4	1 527	37,4	2 553,9	2 676,8	2 770,2	60,1
Халық шаруашылықтары	2 109,7	2 072,4	1 964,9	48,2	1 607,0	1 637,7	1 619,9	35,1


Ескерту: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері. Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы. 2017-2021 жылдардағы «ҚР ауыл, орман және балық шаруашылығы» статистикалық жинағы, Астана, 2022.; Бюллетень. ҚР ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы түсімі (2-том Жалпы жинау), 2022ж.

2022 жылы республика бойынша 2020 жылмен салыстырғанда картоптың жалпы түсімі 7,2%-ға (73,7 мың тоннаға) артып, 4080,5 мың га құрады. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бұл көрсеткіштер егістік алқаптарының ұлғаюына байланысты 51,7% (189,1 мың тонна), жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары – 12,9% (29 мың тоннаға) деңгейінде болды. Халық шаруашылығында егіс алқабының 2,5 мың гектарға немесе 4,4%-ға азаюына байланысты бұл көрсеткіштің 144,8 мың тоннаға қысқаруы байқалды.

2022 жылы шаруашылық санаттары бойынша картоп өндірісінің құрылымында: халық шаруашылығының үлесі 48,2%, шаруа (фермер) қожалықтарының – 37,4%, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының 14,4% құрады. 2022 жылы аймақтар

бойынша картоптың жалпы түсімінің үлес салмағы келесі көрсеткіштер тізбегіне ие болды: ең жоғарысы – солтүстікте (39,1%) (1 594,7 мың тонна), оңтүстікте – 34,9% (1 423,4 мың тонна), шығыста – 11% (450,3 мың тонна), орталықта – 10,3% (419,7 мың тонна), батыста – 4,7% (192,3 мың тонна) (сурет).

2022 жылы республика шаруашылықтарының барлық санаттарында картоп өнімділігі 205,4 ц/га құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 1%-ға төмен (2 ц/га). Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бұл көрсеткіш республикалық орташа көрсеткіштен 22,5 ц/га жоғары – 227,9 ц/га, жеке кәсіпкерлер және шаруа (фермер) қожалықтары тиісінше 218,7 ц/га, халық шаруашылықтарында – 190,7 ц/га (4 кесте).



Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі бюросы, 2022

Сурет – Қазақстан Республикасының аймақтары бойынша шаруашылықтардың барлық санаттары бойынша картоптың жалпы түсімінің үлес салмағы, 2022ж., %

Облыстар бойынша жүргізілген өнімділік деңгейін зерттеу ең жоғары көрсеткішті Павлодар облысы – 273,4 ц/га көрсетіп отыр, Қарағанды облысы –

251,3 ц/га, Жамбыл облысы – 242,5 ц/га, Шығыс Қазақстан облысы – 236,5 ц/га және Қостанай облысы – 200,4 ц/га.

4 кесте – Қазақстан Республикасының 2018-2022 жылдарға арналған шаруашылық санаттары бойынша картоптың өнімділігінің динамикасы

Атауы	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2022/ 2018,%
Шаруашылықтардың барлық санаттары	197,9	203,4	206,7	207,4	205,4	103,8
Ауыл шаруашылығы кәсіпорны	226,7	234,7	239,2	226,8	227,9	100,5
Жеке кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары	199,8	207,2	209,3	216,3	218,7	109,5
Халық шаруашылықтары	192,2	196	199,9	197,8	190,7	99,2

Ескерту : ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері. Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы. 2017-2021 жылдардағы «ҚР ауыл, орман және балық шаруашылығы» статистикалық жинағы, Астана, 2022.; Бюллетень. ҚР ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы түсімі (3 том Түсімі), 2022ж.

Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің картопты сату бағасына жүргізілген мониторинг мынаны көрсетті: 2022 жылы республика бойынша орташа есеппен 1 тоннасы 111 790 теңгеден сатылып, 2018 жылмен салыстырғанда баға 1,8 есеге, 2021 жылмен салыстырғанда 12 пайызға қымбат-

таған. Тұтыну нарығындағы картоптың бағасы 2022 жылы республика бойынша орташа есеппен тоннасына 182 000 теңге деңгейінде болды, яғни 2018 жылмен салыстырғанда 2,1 есе өсті, 2021 жылмен салыстырғанда – 31,9%-ға өскен (5 кесте).

5 кесте – Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің орташа бағасының серпіні және тұтыну бағасы, 2018-2022жж.

Атауы	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2022 ж./ 2018 ж, %	2022 ж./ 2021ж, %
Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің орташа бағасы, теңге/тонна	62 141	69 944	75 217	99 783	111 790	179,9	112,0
Тұтыну бағасы, теңге/тонна	86 000	97 000	113 000	138 000	182 000	211,6	131,9

Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі бюросы, 2018-2022

Картоп бағасының өсуінің басты факторы – қорлардың азаюы, 2021 жылы 329 мың тоннаға дейін, сонымен бірге қазақстандық нарықта импорттық картоп бар, олардың бағасы 2021 жылдың қаңтар-сәуір айларында 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 47%-ға өсті. Қазақстандық нарыққа картоптың негізгі жеткізушілері 58,5% үлесімен Пәкістан және Иран 36,4% мемлекеттері құрайды.

2022 жылы республика 241 755,3 тонна картопты экспорттады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 88 731 тоннаға (58%) көп, экспорттың ең жоғары көрсеткіші 2020 жылы 356 961,6 тоннаны құрады. 2018 жылы 1 тоннаның бағасы 116,1 АҚШ доллары (соңғы бес жылдағы ең жоғары) және 2020 жылы ең төмен (84,7 АҚШ доллары) деңгейінде болды. Картоп импортының көлемі

қысқарып, 2022 жылы 52 922,7 тг құрады, 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 49 122 тг төмендеген, 1 т бағасы 218,2 АҚШ доллары деңгейінде болды (6 кесте).

Экспортталатын картоптың ең көп көлемі Түркістан облысымен сипатталады – 69,8% (168 655,2 т.). ТМД елдерінен Өзбекстанда картопқа айтарлықтай сұраныс байқалды. Бұл өнімнің импорты да негізінен Түркістан облысына тиесілі болды (республика бойынша жалпы көлемнің 24,1%).

2022 жылы ауыл шаруашылығы кәсіпорындары 3 718,6 мың ц картоп сатты, барлық сатылған өнімнің құны 27 433 786 мың теңге, рентабельділігі 57,5%, жалпы пайда 10 012 793 мың теңге, сату бағасы 1 ц 7 377 теңге, сатылған өнімнің өзіндік құны 4 685 теңге 7 кестеде көрсетілген.

6 кесте – Жаңа піскен немесе салқындатылған картоптың экспорты мен импортының динамикасы, 2018-2022жж., мың тонна, АҚШ долл.

Жыл	Экспорт			Импорт		
	тонна	мың АҚШ долл.	1 тоннаның құны, АҚШ долл.	тонна	мың АҚШ долл.	1 тоннаның құны, АҚШ долл.
2018ж.	153 024,6	17 760,0	116,1	32 108,3	8697	270,9
2019ж.	262 971,3	22 598,3	85,9	36 512,1	5975,154	163,6
2020ж.	356 961,6	30 235,9	84,7	75 013,3	7098,647	94,6
2021ж.	199 486,9	22 445,2	112,5	102 045,1	16367,03	160,4
2020ж.	241 755,6	21 474,7	88,8	52 922,7	11547,63	218,2

Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі бюросы, 2018-2022

7 кесте – 2022 жылы ҚР ауыл шаруашылық кәсіпорындарында картопты сатудың экономикалық тиімділігі

	Өткізілген өнімнің құны, мың теңге	Өткізілген өнімнің өзіндік құны, мың теңге	Жалпы пайда, мың теңге	Пайдалылық (залалдылық) деңгейі, %
Қазақстан Республикасы	27 433 786	17 420 993	10 012 793	57,5
Абай	95 694	99 032	- 3 337	- 3,4
Ақмола	2 167 273	1 277 906	889 368	69,6
Ақтөбе	260 472	242 651	17 822	7,3
Алматы	338355	259927	78 428	30,2
Атырау	118 875	107 488	11 387	10,6
Батыс Қазақстан	928 716	738 539	190 177	25,8
Жамбыл	380 660	345 872	34 788	10,1
Жетісу	4 320	2 160	2 160	100,0
Қарағанды	10 056 480	5 831 197	4 225 283	72,5
Қостанай	239 277	205 007	34 270	16,7
Қызылорда	5 953	5 277	676	12,8
Павлодар	9 907 508	6 439 842	3 467 666	53,8
Солтүстік Қазақстан	1 573 728	740 983	832 746	112,4
Түркістан	1 248 415	1 048 363	200 052	19,1
Шығыс Қазақстан	96 999	69 408	27 591	39,8
Астана	9 010	5 603	3 407	60,8
Алматы	x	x	250	16,1
Шымкент	x	x	61	32,1

Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика агенттігінің Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі бюросы, 2022

Картоп өнімі бойынша Қазақстан импортқа тәуелді ел болып табылмайды, өйткені картоптың ішкі өндірісі жалпы картопқа деген ішкі қажеттілікті қамтамасыз етеді. Мәселен, 2021 жылы қолда бар ресурстардан импорттың үлесі небәрі 3,5% құрады. Республикада картоптың үлкен көлемін жоспарлау егіннің өсірілген көлемін сақтауға арналған заманауи картоп қоймаларының болмауына байланысты орынсыз болып отыр. Сондықтан, көптеген ауыл кәсіпкерлері күзде делдалдарға өнімді төмен бағамен тапсыруға мәжбүр.

Картоптың шамамен 20%-ы өсірілетін Қазақстанның оңтүстігінде шаруа (фермер) қожалықтарында негізінен 1-3-тен 5-10 гектарға дейін жер бар. Бұл толық ауыспалы егістерді игеруге және жүргізуге; қолданыстағы машина-трактор паркін тиімді пайдалануға, әсіресе жаңа ауыл шаруашылық техникасын сатып алуға; заманауи картоп қоймаларын салуға мүмкіндік бермейді (Гриднева Е.Е., Калиакпарова Г.Ш.) [19].

Қазақстанда көптеген аймақтарда картопты әр түрлі факторлар әсерінен тұрақсыз өсіру байқалады: агротехниканың

төмен деңгейі, тыңайтқыштарды енгізу көлемінің жеткіліксіздігі; қолайсыз ауа райы-климаттық жағдайлардың елеулі әсері; материалдық ресурстар бағасының өсуі нәтижесінде картоп өндірудің өзіндік құнының жоғары болуы; картоптың ұсақ тауарлы өндірісі, оның едәуір бөлігін шаруа (фермер) қожалықтары мен халық шаруашылықтары алады.

Мәселелерді шешу жолдары: картоп өндірісін одан әрі дамыту заманауи ұйымдастыру мен технологияны ұдайы жетілдіруді, жаңа жоғары технологиялар мен құралдарды талап етеді, тұқымдық материалдарды өндіру жүйесін жетілдіре отырып, тұқымдық сорттардың сапасын арттыру, құрғақшылыққа бейімделген, аурулар мен зиянкестерге төзімді отандық сорттардың интенсификациялау үдерісін жеделдету және осы дақылдың өнімділігін арттыруға ықпал ететін инновациялық технологияларды дамыту; зиянкестердің санын зияндылықтың экономикалық шегіне дейін азайтуға бағытталған ауқымды іс-шаралар кешені; жаңадан құрылған отандық сорттардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және сертификатталған тұқымдық картоп өндірісін арттыру.

Республикада картоп өсіруді дамыту үшін топырақты дайындаудан, жоғары сапалы сертификатталған тұқым материалын отырғызудан бастап, мамандандырылған автомобиль және теміржол көлігін пайдалана отырып, картопты жинауға, сұрыптауға, сақтауға түйнектерді салуға, тауарлық өңдеуге және сатуға дейін бүкіл технологиялық тізбек бойынша кешенді механикаландыруды енгізу қажет.

Халықтың қажеттілігін *көкөністердің негізгі түрлерімен* (пияз, сәбіз, қырыққабат, қияр, қызанақ, асханалық қызылша, бұрыш) қамтамасыз ету үшін мемлекет барлық қажетті шараларды қабылдайды, тұқым шаруашылығын дамытуға, минералды тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын сатып алуға, суармалы су беруге бағытталған базалық субсидиялар түрінде мемлекеттік қолдау көрсетеді. Жалпы алғанда, әлеуметтік маңызы бар көкөніс дақылдарын өндіру олардың ішкі нарықтағы қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда пияз негізінен оңтүстік өңірлерде өндіріледі. Алматы, Жамбыл, Жетісу және Түркістан облыстарында пияздың егіс алқаптарының 94%-ы орналастырылған. Елімізде пиязды орналастырудың негізгі ауқымы Жамбыл облысы болып табылады, оның алқабы 25,0 мың

га, шығымдылығы 298,8 ц/га құрайды, жалпы түсімі 2022 жылы 1 111,4 мың тоннаны құрады. Осы аймақта пияз өсіру үшін егістердің шамамен 80%-ында суды үнемдеу технологиясы қолданылады. Жеке шаруашылықтар гектарына 90 тоннаға дейін пияз жинайды. Соңғы 3 жылда пияз өндірісі 1,1 есе өсті. Пияз өндірісінің өсуі Жамбыл облысында (19,5%-ға) және Қызылорда облысында (11%-ға) орын алды. Соңғы 5 жылда Қазақстан әлемнің 33 еліне пиязды экспортқа шығарды және оларды 13 елден импорттады.

Пияздың негізгі экспорттаушысы Ресей болып қала береді, ол соңғы жылдардағы пияз экспортының жалпы көлемінің 43%-ын құрайды. Сондай-ақ, қазақстандық пияз нарығының тұтынушылары Ауғанстан мен Өзбекстан болып табылады. Қазақстанның соңғы 5 жылдағы барлық пияз импортының 99%-ын құрайтын және кері экспорт үшін негізгі өнім көздері болып табылатын осы үш ел. Алайда, Ауғанстан пияздың үлкен көлемін 3-тен 12 мың тоннаға дейін тұрақты түрде импорттайтын болса, Өзбекстан пиязды Қазақстанда уақытша өнім тапшылығы туындаған жылдары ғана сатып алады.

Асханалық сәбіз негізінен 4 облыста өндіріледі: Павлодар облысының үлесіне республика бойынша көрсеткішке егіс алқаптарының 24,6%-ы және жалпы жиын бойынша 27,5%-ы келеді. Мұндауамақты 2018 жылы 4,8 мың гектардан 5,3 мың гектарға дейінгі ұлғайтты, тиісінше жалпы алым 150,8 мың тоннадан 170,8 мың тоннаға дейін немесе өсім 13,3% құрады, өнімділік 150,8 ц/га-дан 170,8 ц/га-ға өсті, бұл орташа республикалық көрсеткіштен 33,6 ц/га-дан жоғары.

Суармалы егістіктің жоғары үлесі бар оңтүстік өңірде асхана сәбізін өсіру үшін табиғи-климаттық жағдайлар қолайлы болып табылады. Соңғы 3 жылда елдегі сәбіз алқаптары 21 мың га деңгейінде тұрақтанды. Орта есеппен 2020-2022 жылдары оның шығымдылығы 294,4 ц/га құрады, осы 3 жыл ішінде 630,0 мың тонна сәбіз жиналды.

Қазақстанда *қырыққабат* негізінен оңтүстік облыстарда өсіріледі және республика бойынша барлық дақылдардың 67%-ын алады. Соңғы 3 жылда республикада қырыққабат алқаптары аздап қысқарды. 2022 жылы 2020 жылмен салыстырғанда ол 1,3 мың гектарға немесе 6,0%-ға қысқарды. Қырыққабат өсіру бойынша солтүстікте ең көп үлес салмағын Солтүстік Қазақстан облысы – 1,5 мың га егіс алқаптарының үлесінің 48% құрайды.

Түркістан облысында егіс алқабы аздап қысқарып, керісінше Алматы – 0,9 мың гектарға, Түркістан - 0,2 мың гектарға, Жамбыл облысында қырыққабат алқабы 0,3 мың гектарға ұлғайған. 4 облыс бойынша егіс алқаптарының үлес салмағы 70,4% құрады (14,1 мың га). Сонымен қатар, осы кезеңде қырыққабаттың шығымдылығы шамамен 4,0%-ға артып, 274,5 ц/га құрады, жалпы түсім 3,0%-ға төмендеді.

Республикада қызанақ 30,0 мың гектардан астам алқапта өсіріледі. 2022 жылы қызанақтың егіс алқаптары мен өнімділігі 2020 жылмен салыстырғанда іс жүзінде бірдей деңгейде қалды. Нәтижесінде қызанақтың шығымдылығы, жалпы түсімі 1,2%-ға өсті. Қызанақтың егіс алқаптарының құрылымында оңтүстік өңірлер ең көп үлес салмағын алады, олардың үлесіне республикалық деңгейдің 75%-ы келеді.

Солтүстік аймақтардағы аумақтар аздап кеңейді. Мысалы, Ақмола облысында – 0,2 мың га, Қостанай облысында – 0,4 мың га, Солтүстік Қазақстан облысында – 0,3 мың га. Қызанақ әрқашан халық арасында үлкен сұранысқа ие. Оларды сатып алушылардың 60%-дан астамы үнемі сатып алады. Қызанаққа тұтынушылық сұраныс толық қанағаттандырылмайды, дегенмен елдегі жан басына шаққандағы орташа өнім жеткілікті мөлшерде өндіріледі, бірақ жоғары бағаға байланысты, әсіресе қыс айларында халық оларды аз мөлшерде тұтынады. Маусымнан тыс уақытта қызанақ негізінен Ресейден әкелінеді.

Сарапшылардың деректері бойынша қазақстандық нарықтағы ресейлік қызанақтың үлесі 30% құрайды. Қазақстандағы климаттық жағдайларға байланысты топырақ қызанақтары оңтүстік аймақтарда жылына 4-5 ай, ал солтүстігінде 1-2 ай ғана қолжетімді. Қыс мезгілінде олардың бағасы жаз айларымен салыстырғанда 2,5 есе жоғары. Ел халқын қызанақпен қамтамасыз ету мәселесін шешудің бір жолы – оларды жабық жерде өсіру. Алайда оларды жылыжайларда өсіру шығындары көп энергияны қажет етеді. Сондықтан олардың бағасы ашық жерде өсірілген қызанаққа қарағанда 2 есеге көп.

Қияр қызанақ сияқты, халық арасында үлкен сұранысқа ие. Олардың алқаптары елде 23 мың га алып жатыр. Шығымдылығы соңғы 3 жылда орташа есеппен 247 ц/га құрады және жалпы түсімі 560 мың тоннадан асады. Қиярдың ең жоғары шығымдылығы Атырау, Қарағанды, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстарында 290-355 ц/га-дан асады.

Қазақстан халқын қиярмен толық және үздіксіз қамтамасыз ету үшін оларды қызанақ сияқты жыл бойы жабық жерде өсіру керек. Инновациялық әдістерді енгізу және қиярдың агротехникасын оңтайландыру суармалы көкөністердің жоғары құны мәселесін шешудегі жалпы үрдіс болып табылады (Kaliakparova G.Sh., Gridneva Y.E., Assanova S.S. және т.б.) [20].

Суару шығындары көкөніс дақылдарын өсіруге жұмсалған шығындардың 30-70%-на дейін жетуі мүмкін. Сондықтан қияр өсіру үшін суару мелиорацияларын тиімді пайдалану ауыл шаруашылық технологиясының барлық элементтерін кешенді жаңарту және оңтайландыру арқылы ғана мүмкін болады (Пашаев Р.Ю. Территория развития) [21].

Болашақта қияр өндірісінің одан әрі ұлғаюы олардың сорттары мен будандарының, соның ішінде бұталы түрлерінің құрамын кеңейтуде көрінеді, оларды пайдалану ерте өнімді жинау кезінде өнімділікті қамтамасыз етеді, өсімдіктерді тамыр шіріктерінен химиялық қорғаудың соңғы құралдарын сынап көру, сондай-ақ оларды өсірудің балама әдістерінің тиімділігін зерттеу ұсынылады.

Республикадағы егіс алқаптарының мөлшері бойынша *асхана қызылшасы* басқа көкөніс дақылдарынан едәуір төмен. Ол 6,8 мың га жерге өсіріледі, шығымдылығы 285,8 ц/га. Соңғы 3 жылда жалпы түсім 186 мың тоннаны құрады. Жан басына шаққанда 14 кг ғылыми негізделген тамақтану нормасымен 2022 жылы елдегі 1 тұрғынға 10 кг асхана қызылшасы өндірілді. Шығымдылығы 295 ц/га және жалпы түсім 257,1 мың тоннаны құрайды.

Маңғыстаудан басқа барлық облыстарда асхана қызылшасының алқаптары кеңеюде. Қызылшаның түсімділігі Қарағанды облысында 2022 жылы – 426,2 ц/га, Шығыс Қазақстан облысында – 361,1 ц/га, Атырау облысында – 371,8 ц/га, Солтүстік Қазақстан облысында 339,4 ц/га жиналды. Асхана қызылшасының шығымдылығын ұлғайтудың және тамыржемістілердің сапасын жақсартудың маңызды шарты, әсіресе оларды азық-түлік өндірісі үшін шикізат ретінде пайдаланған кезде, оны инновациялық негізде өсіру технологияларын жетілдіру болып табылады.

Қазақстанда *бұрыш* өсірумен негізінен оңтүстік өңірдің ауыл кәсіпкерлері айналысады, онда оның егіс алқаптарының 88,9%-ы орналастырылған және жалпы түсімнің 90%-ы өндіріледі. Бұрыштың жоғары шығымдылығы Атырау, Алматы, Жамбыл,

Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарында алынады.

2022 жылы ауыл шаруашылығы кәсіпорындары 3 718,6 мың ц көкөніс сатты, барлық сатылған өнімнің құны 39 880 422

мың теңге, рентабельділігі 30,4% болғанда, жалпы пайда 9 286 174 мың теңге, сату бағасы 1 ц 7 377 теңге, сатылған өнімнің өзіндік құны 4 685 теңге 8-кестеде көрсетілген.

8 кесте – 2022 жылы ҚР ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында көкөністерді сатудың экономикалық тиімділігі

